

## Бірыңғай тіркелген салық ставкаларының белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы N 19-130-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 наурызда N 14-7-73 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 42-255-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 31.03.2015 № 42-255-V шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш Т І :**

1. Аудан аумағында кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлері үшін бірлік салық салу объектісіне бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы: *С. Мелдеханов*

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы: *Ж. Әбдәзімов*

Мақтаарал аудандық мәслихатының  
2009 жылғы 19 ақпандағы

N 19-130-IV шешіміне қосымша

## **Аудан аумағында кәсіпкерлік қызметінің жекелеген түрлері үшін бірлік салық салу объектісіне бірыңғай тіркелген салық ставкалары**

Рет саны	Салық салу объектісінің атауы	1 айға 1 объектіге бірыңғай тіркелген салықтың ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	7

2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	10
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	3
4	Ойын жолы	40
5	Карт	6
6	Бильярд столы	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК